

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Қош келдің, Жаңа жыл!

ЖАРИЯЛАНДЫ 13.08.2020	ТІРЕК СӨЗДЕР ата-анаға кеңес, ата-анамен жұмыс, бала дамуы, балабақша, балабақша әдістемесі, балабақша бағдарламасы, балабақша қазақша, балабақша тәрбиешісі, балалар дүниесі, балалар ойыны, балалар тәрбиесі, балалар үшін, балалармен жаттығу, балалармен жұмыс, балалармен тәрбие, баланың дамуы, дамыту ойындары, ерте даму, ерте оқу, креативті тәрбие, қимылды ойындар, логопед, мектепке дейінгі тәрбие, ойын әдістемесі, педагогика, сенсорлық даму, сөйлеуді дамыту, тәрбие және оқыту, тәрбиеші, тіл дамыту	СІЛТЕМЕ https://bilimger.kz/79778/
---------------------------------	--	---

«Қош келдің, Жаңа жыл!»

-

Жүргізуші:

Жаңа жылдың таңы неткен арайлы,

Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды.

Жаңа жылмен құттықтаймын бәріңді,

Бақыт, шаттық, молшылық әкелсін

Бәрімізге тышқан жылы арайлы!

Құрметті қонақтар біздің «Қош келдің, Жаңа жыл» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Ән: «Аяз ата»

Жүргізуші: Ал, балалар Аяз ата мен Ақшақарды шақырайық.

Балалар: Аяз ата, Ақшақар!

Аяз ата : Сәлематсіңдерма, балалар!

Күн тізбеде қалыпты жалғыз ғана бір парақ

Дайындалдым жыл бойы,
Жолға шығар келді уақ!
Шақырымды жүздеген
Басып өту мен үшін
Жана жылдың түнінде
Жасыл шырша түбінде.
Кездесем деп сендермен
Таратсам екен сыйлықтар,
Одан асқан не сый бар.
Қуаныш сыйлау балаға
Одан зор бақыт бола ма!
Сендерді көргеніме сондай бақыттымын!

Жүргізуші: Ал, балалар Аяз атаға дайындаған тақпағымызды айтып берейік.

Айару: Тамаша, тамаша!

Шыршамыз тұр жараса.
Басында әсем жұлдызы,
Көз тоймайды қараса .

Аян: Аяз ата келіп тұр
Бизге сәлем беріп тұр
Сақалының ұзыны- ай
Кесіп алса шіркін-ай!

Алиша: Жасыл желек жамылған

Асыл моншақ тағылған
Міне біздің шыршамыз
Көптен күтіп сағынған.

Аделя: Аяз ата келіп тұр

Бізге сәлем беріп тұр

Тақпақ айтқан балаға

Сыйлықтарын беріп тұр.

Ән: «Шырша жыры»

Аяз ата: Бәрежелді, мынандай өнерлі балаларға тәттілер берейік. Ал Ақшақар балалармен қоштасайық.

Жүргізуші: Ал балалар қонақтарға би билеп берейік

Би: «Jingle bells» Түлкі, Бақа, кенгуру, тышқан балармен бірге би билейді.

Жүргізуші: Осымен біздің, «Қош келдің жана жыл» атты ертенгілігіміз аяқталды. Жана жыл сіздерге қуаныш пен бақыт әкелсін! Сау болыңыздар.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.